«Келісілді»
«Тоғызқұмалақ Зияткерлік Қауымдастығы» РҚБ-і
Вице-президенті
_______ М. Шотаев
«____» ______ 2024 ж

«Бекітілді»
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
«Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК
бас директоры
_______ А. Ташметов
«____» ______ 2024 ж

# «БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫНАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
# ЕРЕЖЕ

Астана-2024

«Келісілді»
«Тоғызқұмалақ Зияткерлік Қауымдастығы» РҚБ-і
Вице-президенті
_______ М. Шотаев
«01» 11 2024 ж

«Бекітілді»
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
«Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК
бас директоры
_______ А. Ташметов
«01» 11 2024 ж

# «БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫНАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Астана-2024

**«БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫНАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы «Бестемше» ұлттық ойынынан республикалық жарыс ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК (бұдан әрі – Орталық) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес әзірленген.

1.2. Ереже меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушыларының арасында алғашқы рет «Бестемше» ұлттық ойынынан республикалық жарысын (бұдан әрі – Жарыс) өткізу қағидаларын, оны өткізудің мақсатын, міндеттері мен тәртібін айқындайды.

1.3. Жарыстың өткізу түрі – офлайн.

**2. ЖАРЫСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

2.1 Мақсаты: «Бестемше» ойынының тәжірибесін республика өңірлерінде тарату және насихаттау.

2.2. Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру;
- мектепке дейінгі ұйымның «Үздік зияткер» дене шынықтыру нұсқаушыларын іріктеу;
- салауатты өмір салтын ұлттық спорт арқылы насихаттау;

**3. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ КҮНІ МЕН ОРНЫ**

3.1. Жарыс мектепке дейінгі білім беру ұйымының Дене шынықтыру нұсқаушыларының арасында 2024 жылдың 29 қараша күні Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде өтеді. Мекен жайы: Тәуелсіздік даңғылы 54.

3.2. Жарысқа тіркелу: сағат 09.00-10.00

3.3. Жарыстың басталуы: сағат 14.00

**4. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

4.1. Жарысты ұйымдастыру және өткізу үшін жарыстың жұмыс тобы және төрешілері құрылады.

4.2. Жарыс төрешілері мен жұмыс тобының мүшелері Орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4.3. Жарыс ұйымдастырушылары - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК, «Тоғызқұмалақ Зияткерлік Қауымдастығы» РҚБ.

4.4.Жарысқа қатысу үшін 2024 жылдың 20 қарашаға дейін Орталықтың ugpdto@ya.ru электронды поштасына жарысқа қатысу үшін өтінім жолданады.

4.5. Жарысқа өтінім 1-қосымша бойынша Word және скан форматтарында жіберілу қажет. Скан форматында басшының қолы мен мөрі болуы міндетті.

4.6. Белгіленген мерзімнен кешіктірілген өтінімдер қабылданбайды және тіркелмейді.

**«БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫНАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Бестемше» ұлттық ойынынан республикалық жарыс ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК (бұдан әрі – Орталық) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес әзірленген.

1.2. Ереже меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушыларының арасында алғашқы рет «Бестемше» ұлттық ойынынан республикалық жарысын (бұдан әрі – Жарыс) өткізу қағидаларын, оны өткізудің мақсатын, міндеттері мен тәртібін айқындайды.

1.3. Жарыстың өткізу түрі – офлайн.

## 2. ЖАРЫСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Мақсаты: «Бестемше» ойынының тәжірибесін республика өңірлерінде тарату және насихаттау.

2.2. Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру;
- мектепке дейінгі ұйымның «Үздік зияткер» дене шынықтыру нұсқаушыларын іріктеу;
- салауатты өмір салтын ұлттық спорт арқылы насихаттау;

## 3. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ КҮНІ МЕН ОРНЫ

3.1. Жарыс мектепке дейінгі білім беру ұйымының Дене шынықтыру нұсқаушыларының арасында 2024 жылдың 29 қараша күні Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде өтеді. Мекен жайы: Тәуелсіздік даңғылы 54.

3.2. Жарысқа тіркелу: сағат 09.00-10.00

3.3. Жарыстың басталуы: сағат 14.00

## 4. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Жарысты ұйымдастыру және өткізу үшін жарыстың жұмыс тобы және төрешілері құрылады.

4.2. Жарыс төрешілері мен жұмыс тобының мүшелері Орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4.3. Жарыс ұйымдастырушылары - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК, «Тоғызқұмалақ Зияткерлік Қауымдастығы» РҚБ.

4.4.Жарысқа қатысу үшін 2024 жылдың 20 қарашаға дейін Орталықтың ugpdto@ya.ru электронды поштасына жарысқа қатысу үшін өтінім жолданады.

4.5. Жарысқа өтінім 1-қосымша бойынша Word және скан форматтарында жіберілу қажет. Скан форматында басшының қолы мен мөрі болуы міндетті.

4.6. Белгіленген мерзімнен кешіктірілген өтінімдер қабылданбайды және тіркелмейді.

4.7. Жарысқа Қазақстан Республикасының облыстары, Астана, Алматы және Шымкент қаласының 3 ер және 3 әйел дене тәрбие нұсқаушысы қатыса алады. Барлығы: 6 адам.

4.8. Әрбір облыс пен маңызы бар қалалардан командамен бірге 1 өкіл келуіне болады.

4.9. Жарысқа қатысушы командалардың және өкілдерінің іс сапарына байланысты шығындарды, жарыс өтетін жерге дейінгі келіп кету, жол шығынын, жарыс кезіндегі күнделікті тамақтану, орналасу басқа да шығындарды іс сапарға жіберуші мекеме есебінен немесе өз қаражатынан жүзеге асырылады.

4.10. Жарыс қатысушыларын бағалауды әділ-қазылар алқасы жүзеге асырады.

## 5. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

5.1. Жарысқа меншік нысанына қарамастан қалалық немесе облыстық іріктеуден өткен балабақшаның дене шынықтыру нұсқаушылары қатыса алады.

5.2. Егер қалалық немесе облыстық іріктеу өткізілмеген жағдайда ұйымдастыру алқасына өтінім берген балабақшаның дене шынықтыру нұсқаушылары (біліктілік сертификаты бар), ұйымдастыру алқасының келісімен қатыса алады.

5.3. Жарысқа қатысушылардың жасы мен еңбек өтіліне шектеу қойылмайды.

5.4. Қатысушының тегі, аты, өңірінің атауы және бақша атауы жазылған төске тағылатын бейдж болуы керек.

5.5. Қатысушы командамен бірге жетекші немесе өкіл бірге келуіне болады.

## 6. ЖАРЫС ӨТКІЗУ ЖҮЙЕСІ

6.1 Жарыс швейцариялық жүйемен 7 турда өткізіледі.

6.2. Жеңімпаздар төмендегі ретпен анықталады: Ұпай саны, жеке кездесу, бухгольц коэфициенті, прогресс коэфициенті.

6.3. Тоғызқұмалақ Зияткерлік Қауымдастығы тарапынан тағайындалған төрешілер жарысты тікелей өткізуге басшылық жасайды.

6.4. Ойыншылдардың реттік нөмірлері жеребе жасаумен анықталады.

6.5. Әр ойыншыға ойын соңына дейін 10 минут, барлығы 1 партияға 20 минут уақыт беріледі.

6. 6. Спортшылар сағатпен ойнау ерекшелігін білуі міндетті.

## 7. НАРАЗЫЛЫҚ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТӘРТІПТІК ЖАЗАЛАР

7.1. Наразылық беру немесе даулы мәселелерді шешу үшін команда өкілі немесе топ жетекшісі наразылықты жазбаша түрде тапсырады.

7.2. Қабылданған наразылық ұйымдастырушылар тарапынан, бас төрешінің қатысуымен шұғыл түрде шешім шығарылып, бірден таныстырылады.

7.3. Ойын кезінде қатысушы тарапынан қандай да бір теріс қылық, төрешіге қарсы шығу және балағат сөздер айтқан жағдайда автоматты түрде ойыннан шығарылады.

7.5. Өрескел түрдегі тәртіп бұзушылықтар болған жағдайда жұмыс орнына қызметтік хат жіберіледі.

## 8. МАРАПАТТАУ

8.1. Жарыстың жеңімпаздары дипломдармен, алғыс хаттармен, арнайы кубоктармен және медальмен марапатталады.

8.2: Жарыстың қорытындылары Орталық сайтында және әлеуметтік желілер парақшасында жарияланады.

**9. ДӘРІГЕРЛІК-САНИТАРЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУ**

9.1. Жарыс кезінде дәрігердің қатысуы міндетті және дәрігер денсаулық пен гигиена мәселелеріне жауапты.

**Анықтамалар үшін телефон: 87024053516 – Динара Мұратқызы**
**87014267642 – Махсат Есенбекұлы**

№1 қосымша

**«БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫНАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМ**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Облысы немесе қаласы | |
| 2 | Білім беру ұйымының толық атауы (Жарғысына сәйкес) | |
| 3 | Қатысушылардың толық Т. А. Ә. (жеке куәлікте көрсетілгендей), лауазымы | 1. Сабырова Сабыр Сабырқызы дене шынықтыру нұсқаушысы |
| | Байланыс телефоны (жауапты) | 8 707 777 77 77 |
| 4 | Электронды поштасы (жауапты) | |

**№1 қосымша**

**«БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫНАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН**
**ӨТІНІМ**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Облысы немесе қаласы | |
| 2 | Білім беру ұйымының толық атауы (Жарғысына сәйкес) | |
| 3 | Қатысушылардың толық Т. А. Ә. (жеке куәлікте көрсетілгендей), лауазымы Байланыс телефоны (жауапты) | 1. Сабырова Сабыр Сабырұлы дене шынықтыру нұсқаушысы<br>8 707 777 77 77 |
| 4 | Электронды поштасы (жауапты) | |